

“Астана медицина университеті” АҚ
№1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы
Пәні: Психологиялық аспектілер мен медициналық қызметтің
менеджменті.

Тақырыбы: Сақтандыру жүйесін құру үшін
қажет медико – санитарлық көмек қызметінің
құнын есептеу.

Орындаған: Қайратқызы А.
Тобы: 502 ҚДС
Тексерген: Тургамбаева А.К.

Астана 2017 жыл

Жоспар

I. Кіріспе.....	3
II. Негізгі бөлім.....	4-13
2.1. МӘМС қаражаты жүйедегі 7 бағыт.....	4-6
2.2. Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі кірістерінің құрылуы және әлеуметтік медициналық сақтандыру қаржысының қаржылық тұрақтылығы, сақталуы және мақсатты пайдаланылуы	7-8
2.3. Инвестициялық қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асыру және азаматтарға кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлеміне енетін қызметтерді ұсыну	9-13
III. Қорытынды.....	14
IV. Пайдаланылған әдебиеттер.....	15

Кіріспе

Дайындық кезеңі:

- 1992 – 1998 жылдар арлығында Денсаулық Сақтау министрлігі шығындарды өздерінің қаржатынын қарастырған болатын
- Қазақстан Республикасы денсаулық Сақтау және Әлеуметтік Қамтамасыз етудің негізі өкімі - 15.06.1992 жылдан бастап, мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелеріндегі «кірістер мен шығыстар» мәселесін қарастыру
- Денсаулық сақтаудың облыстық әдістемелік қауымдастығы
- Барлық мәліметтерді компьютерлік программалық жүйемен қамтамасыз ету
- Медициналық сақтандыру қорның өңірлік шығындары туралы бірлік қызметінің бағасын анықтау

Ортақ қаржыландыру тетігін іске асыру үшін мемлекетпен қатар, жұмыс беруші мен жұмыскер саланы қаржыландыруға ортақ қатысатын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесі енгізілетін болады.

МӘМС қаражаты жүйедегі 7 бағыт, атап айтқанда:



- ЖТД(жалпы тәжірибе дәрігерлері) қамсыздандырылуын 1500 тұрғынға 1 ЖТД арақатынасына дейін ұлғайту арқылы МСАК (алғашқы медициналық санитарлық көмек) қолжетімділігін арттыру;
- дәрігерлер жалақысының экономика бойынша орташа жалақыға арақатынасын ұлғайту;
- амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету аясын кеңейту;
- қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту қызметтерінің қолжетімділігін арттыру;
- паллиативтік көмек және мейірбикерлік күтім қызметтерін кеңейту;
- медициналық ЖОО оқытушыларының жалақысын көтеру; негізгі қаражатты жаңартуға шығыстарды медициналық қызметтер тарифіне қосу бойынша сапалық жақсартуларға бағытталатын болады.

Бірінші кезеңде 2016 жылдан бастап:

- өңірлер арасында ТМККК (Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің) деңгейін теңестіре отырып, оны қаржыландыру бойынша барлық бағдарламаларды біртұтастандыру;
- денсаулық сақтау жүйесін бір арналық қаржыландыру (бюджеттік) тетігі жағдайында МҚАК (медициналық қызметке ақы төлеу) негізінде «шын мәніндегі бірыңғай төлеушіні» қалыптастыру;
- көп арналы жүйеге бюджеттік үлгі кезінде бірыңғай төлеуші жүйесін бейімдеу.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі кірістерінің құрылуы келесі механизмдердің есебінен іске асырылады:

- алықтың жекелеген санаттарына арналған кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемін қаржыландыруды мемлекет арқылы қамтамасыз ету, олар: 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, сондай-ақ бала тууға байланысты демалыстағы әйелдер, жаңа туған баланы асырап алу, бала үш жасқа толғанша күту демалысындағы әйелдер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалар, мүгедектер, білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқып жатқан тұлғалар, жұмыссыздар ретінде тіркелген тұлғалар, зейнеткерлер;

- 2017 жылдан бастап жұмыс берушілердің жұмыс істейтін тұрғындар үшін ай сайынғы еңбекақы қорынан 5% мөлшерінде әлеуметтік медициналық сақтандыруға міндетті аударымдарды енгізуі;
- жұмыс істейтін азаматтардың 2020 жылдан бастап ай сайынғы кірістен 1% мөлшерінде әлеуметтік медициналық сақтандыруға міндетті аударымдар енгізуі;

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қаржысының қаржылық тұрақтылығы, сақталуы және мақсатты пайдаланылуы мемлекетпен кепілдендіріледі және жаңа заңның нормаларымен белгіленеді, оның ішінде:

- ✓ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың мақсатты сипаты және олардың қайтарымсыздығы;
- ✓ Қордың өз қаражаты мен активтерінің жеке есебін жүргізу;
- ✓ Қор активтерін тек кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі аясындағы медициналық қызмет үшін төлеуге ғана пайдалану;
- ✓ Қор активтерін қандай да бір тұлғалар тарапынан өндіріп алу өтініштеріне бас тартуды белгілеу;
- ✓ міндеттемелердің күтілетін шығыстардың актуарийлік нәтижелеріне негізделген Қор кірістеріне сәйкес қатаң түрде құрылуы;
- ✓ күтпеген шығыстарды өтеу үшін резерв қалыптастыру;

Инвестициялық қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асыру;


- Қор активтерін инвестициялық басқару жөніндегі барлық операцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есепке алу;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қор активтерін инвестициялауға арналған қаржылық құралдар тізбесін белгілеуі;
- Қор қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарды шектеуді енгізу;
- жыл сайынғы аудитті міндетті түрде өткізіп отыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қордың жүйелі түрде қаржылай есеп беріп отыруы;
- Қордың басқарушы қызметкерлеріне талаптар орнату.

Азаматтарға кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлеміне енетін қызметтерді ұсыну меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілерімен және Қормен тиісті шарт жасасқандармен іске асырылатын болады.

Шарт жасасу үшін медициналық ұйымдарды, сондай-ақ жеке меншік медициналық тәжірибемен айналысатын жеке тұлғаларды іріктеу олардың бәсекелестік басымдықтары мен қызметтердің сапасын есепке алатын айқын және анық критерийлер негізінде жүзеге асырылады.

Кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі медициналық көмектің нысаны мен түріне байланысты медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер тізімінің толық тізбесі түрінде қалыптастырылатын болады.

Кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлеміне енетін медициналық көмектің түрлері мен нысандары клиникалық басшылық, клиникалық хаттамалар, медициналық көмек көрсету ұйымдарының стандарттары мен алгоритмдері жататын стандарттар негізінде көрсетілетін болады.



Төлеушілердің кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемін қамтамасыз етуге кезең-кезеңімен тартылуын есепке ала отырып, кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлеміне енетін қызметтер үшін төлем келесі түрде іске асырылатын болады.

2017 жылдан бастап ӘМСҚ(әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры)-на медициналық көмектің төмендегі нысандары мен түрлері төленетін болады: АМСҚ(алғ мед сан көмек), консультативтік-диагностикалық көмек (МСАҚ маманы мен бейінді мамандардың жолдамасы бойынша), стационарды алмастыратын медициналық көмек (МСАҚ маманы немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша), мамандандырылған стационарлық медициналық көмек, (жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын жолдамалардан басқа, жоспарлы – жолдаманың болуы және ауруханаға жатқызуға арналған көрсеткіштердің болуы, шұғыл – жолдаманың болу-болмауына қарамайды), жоғарыда айтылып өткен медициналық қызметтің түрлері мен нысандарын көрсету үшін қолданылатын дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру.

2017 жылдан бастап медициналық көмектің басқа да түрлері мен нысандарын көрсету, сондай-ақ психикалық, наркологиялық бұлінулер мен жұқпалы аурулардың, туберкулез және ЖҚТБ/АҚТҚ болуы кезінде әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінен тыс мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылатын болады.

2021 жылдан бастап жоғары мамандандырылған медициналық көмектен басқа ӘМСҚ-да ТМККК-ға енетін медициналық көмектің барлық түрлері мен нысандары төленетін болады.

Жоғары мамандандырылған медициналық көмек қолда бар қаражат көлемінде квоталар негізінде ұсынылатын болады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорыта отырып, осы Мемлекеттік бағдарламада қол жеткізілген табыстарды бекіту мен дамытуға және денсаулықты қорғау сұрақтарында талқыланған мәселелерді шешуге, сондай-ақ саланың 2050 жылға дейінгі жоспарлы және қарышты дамуы үшін негіз болуға бағыттталатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://www.amu.kz/kz/%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%BB%D1%8B%D0%BA.pdf>
Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы
2. <http://www.santo.kz/images/news/12-presentasion.pdf> (стр. 30-35)